

**Алматы облысы, Іле ауданы, Ащыбұлақ ауылдық округі,
ЖШС «Мұхаметнұр» бөбекжай балабақшасы**

**Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысының
№ 1 хаттамасы**



2025-2026 оқу жылы

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысының № 1 хаттамасы

Күні: 15 қыркүйек 2025 жыл

Мақсаты: Кеңестің қызметін ұйымдастыру, нормативтік базамен танысу, жұмысты жоспарлау.

Қатысқандар: меңгеруші, әдіскер, мектепке дейінгі ұйымның педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес мүшелері – 6 адам.

Қатыспағандар: жоқ

Күн тәртібі:

1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы №190-бұйрығының қағидаларын Кеңестің мүшелеріне түсіндіру. *«Педагогикалық әдептің кейбір мәселелері туралы».*

2. *(Баяндама: Кеңестің төрағасы.)*

3. Педагогикалық этика жөніндегі кеңес мүшелері арасында функционалдық міндеттерді бөлу. *(Жұмыс бағыттарын бекіту бойынша ұсыныстарды талқылау және бекіту.)*

4. Кеңестің 2025-2026 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын әзірлеу және бекіту. *(Бірлескен талқылау, жоспар қабылдау.)*

Тыңдалды: Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес төрағасы Бекбосынова Гульжан Кенесбаевна ҚР Білім және ғылым министрінің 11.05.2020 ж. №190 бұйрығына сәйкес педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің негізгі міндеттері туралы айтып берді, Білім Министрінің міндетін атқарушының 15.12.2022 жылғы № 500 бұйрығымен бекітілген "Педагог" Кәсіби стандартымен таныстырды.

Сөз сөйлегендер: Алматы облысы Білім басқармасының Іле ауданы білім бөлімі" ММ маманы Базарбаева Бикамал Жансуровна балабақша ұжымына сипаттама берді, бұзушылықтар болмас үшін балабақша педагогтары арасында мониторинг жүргізу қажеттілігі туралы айтты. Педагогтер арасындағы қақтығыстардың алдын алу үшін, шиеленісті жеңілдету үшін педагогтермен шеберлік сыныптары, тренингтер өткізіледі. Сондай-ақ, ата-аналармен топтарда, жеке кеңес беру жұмыстары жүргізілуде. ЖШС «Мұхаметнұр» бөбекжай балабақшасының мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешісі Сексен Әселхан барлық даулы мәселелер психологтың немесе біздің балабақша меңгерушісінің шешетінін, кез келген жағдайдың алдын алуға тырысатынымызды атап өтті. Жас

педагогтармен жұмыс жасай отырып, оларға тәлімгерлік ету арқылы тәрбиеленушілердің ата-аналарымен қалай ұарым-қатынас жасауды үйретеміз.

Қаулы етті:

1. №190-бұйрығының қағидаларын Кеңестің мүшелеріне түсіндірілсін.
2. Педагогикалық этика жөніндегі Кеңес мүшелері арасында функционалдық міндеттерді бөлінсін.
3. 2025-2026 оқу жылына арналған Педагогикалық әдеп бойынша жұмыс жоспары бекітілсін.

**Педагогикалық әдеп жөніндегі
кеңестің төрайымы:**

Хатшы:



Г.К. Бекбосынова

М.С. Бердикеева